

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
01.09.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 01.09.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Келесі мәселе – «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық комиссияның кадр құрамын қалыптастыру тетігін нақтылау бөлігінде өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасары – Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушы Жұманғарин Серік Мақашұлына беріледі.

ЖҰМАНҒАРИН С.М. Құрметті Балаим Туғанбайқызы! Құрметті депутаттар! Алдымен сіздерді жаңа сессия жұмысының басталуымен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Жұмыстарыңызға табыс тілеймін.

Заң жобасында Еуразиялық экономикалық комиссияның лауазымды тұлғаларының еңбек шарттарының мерзімін өзгерту, мүше мемлекеттің комиссияға жұмыс істеуге түсуге ниет білдірген кандидаттарды ұлттық іріктеуді жүргізу мүмкіндігі, қызметкерлерді мерзімсіз мерзімнен бес жылдық келісімшарттарға ауыстыру, сондай-ақ жұмыс істеп жүрген қызметкерлерді өтпелі мерзімдерге ауыстыру бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа түзетулер көзделген.

Бірінші. Комиссияның лауазымды адамдарымен (департамент директорлары мен олардың орынбасарлары) жасалатын еңбек шарттарының мерзімін төрт жылдан бастап комиссия алқасының жұмыс мерзімінен аспайтын мерзімге өзгерту.

Бүгінгі күні комиссияның лауазымды қызметкерлерінің жұмыс кезеңі комиссия алқасының кезекті құрамының жұмыс кезеңіне байланыстырылмаған.

Бұл жағдай төрт жылдық келісімшарт мерзімінің аяқталуына байланысты директор немесе директорлардың орынбасарлары комиссия алқасының жаңа мүшесінің алдына қойған міндеттерін орындауға үлгермеген кезде комиссияның жұмысында қиындықтар туғызады. Бұл ретте жаңа лауазымды тұлғаларды тағайындау, сондай-ақ бұрын жүргізілген жұмысқа толыққанды тарту белгілі уақытты алады.

Бұл норма комиссия алқасының жаңа құрамының келуімен комиссияның лауазымдық деңгейін бір мезгілде жаңартуға мүмкіндік береді.

Екінші. Қызметкерлердің лауазымдарына орналасуға конкурс өткізу кезінде комиссияның ұлттық іріктеу нәтижелерін есепке алу.

Бүгінгі күні комиссия департаменттері біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиісті конкурстық негізде қызметкерлерден жасақталады.

Бұл норма комиссияның тиісті біліктілік талаптарынан басқа, Одаққа мүше мемлекеттерде өткізілетін ұлттық біліктілік іріктеуінің нәтижелерін ескеруін де көздейді.

Ұлттық іріктеу комиссияда Қазақстан азаматтарын іріктеуді регламенттеуге мүмкіндік береді, демек комиссияда Қазақстан Республикасының штаттық үлесін иелену қазіргі уақытта 6,955 пайыз. Бұл, тұтастай алғанда, комиссия қызметкерлерінің қазақстандық бөлігінің біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Үшінші. Аттестаттау нәтижелерін ескере отырып, алқаның жетекшілік ететін мүшесінің ұсынуы бойынша оларды ұзарту мүмкіндігімен комиссия қызметкерлерін мерзімсіз еңбек шарттарынан бес жылдық шарттарға ауыстыру.

Бүгінгі таңда комиссия қызметкерлерінің еңбек шарттарында комиссиядағы еңбек қызметінің келісімшартын аяқтаудың қандай да бір мерзімдері көзделмеген.

Осы норманы іске асыру комиссияның кадрлық құрамын жаңартуға, оның ішінде Қазақстанның өкілдігін күшейтуге, сондай-ақ Қазақстан өкілдерін комиссияда ротациялауды жүргізуге мүмкіндік береді.

Төртінші. Ұсынылып отырған өзгерістер хаттама күшіне енгенге дейін жасалған еңбек шарттарында көзделген мерзімдер өткенге дейін комиссияның лауазымды адамдарының өздеріне жүктелген міндеттерді орындауын жалғастыруды көздейді.

Комиссия қызметкерлерін мерзімді келісімшарттарға ауыстыру жөніндегі іс-шаралар хаттамада көзделген өзгерістер күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде жүзеге асырылады.

Сондай-ақ комиссия қызметкерлерінің осы түзетулер күшіне енгенге дейін жасалған келісімшарттары конкурс өткізілместен қайта жасалады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық, құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды және республикалық бюджеттен қосымша қаржы қаражатын бөлуді талап етпейді.

Қолдауларыңызды сұраймын.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сұрақ беру үшін сөз депутат Құлахметов Ғазиз Зейнел-Ғабиденұлына беріледі.

ҚҰЛАХМЕТОВ Ғ.З. Рақмет.

Менің екі сұрағым бар.

Бірінші сұрақ. Еуразиялық экономикалық комиссияның құрамында Қазақстанның қанша азаматы лауазымды қызметте?

Хаттаманың ішінде «тең өкілдік қағидасы» деген ұғым бар. Соның орындалуын қалай қадағалайсыздар, қалай сақталады? Рақмет.

ЖҰМАНҒАРИН С.М. Кешіріңіз, екінші сұрағыңызды түсінбей қалдым.

ҚҰЛАХМЕТОВ Ғ.З. Департамент директорлары мен олардың орынбасарларына қатысты «тең өкілдік қағидасы» деген ұғым бар. Бұл жағдайда оның орындалуы қалай сақталады?

ЖҰМАНҒАРИН С.М. Түсінікті.

Осы Одақты құрған кезде басшы лауазымдардың тең өкілдік етуі басты қағидат болды, соған келістік. Қазіргі уақытта әр мемлекеттен екі алқа мүше, бес директор, директорлардың он үш орынбасары болады, ол сақталады, онда ешқандай өзгерістер болмайды. Қазіргі уақытта жалпы саны – 100. Алқа мүшесі – 2, директор – 5, директордың орынбасары – 13, қалғандары – қызметкерлер.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Сұрақ беру үшін сөз депутат Смышляева Екатерина Васильевнаға беріледі.

СМЫШЛЯЕВА Е.В. Спасибо, Балаим Туганбаевна.

Уважаемый Серик Макашевич! В статье 1 протокола предусматривается поправка касательно проведения государствами – членами ЕАЭС квалификационного отбора сотрудников комиссии, но только в том случае, если это предусмотрено национальным законодательством. Нашим национальным законодательством этот отбор был предусмотрен еще в 2020 году, а в июле этого года был принят подзаконный нормативный правовой акт (правила), где указаны все нюансы этого отбора.

Получается, что отбор будет проходить в два этапа: первый этап на уровне национального законодательства; второй – на международном уровне.

В связи с этим у меня два вопроса.

1. Какой характер носит решение Национальной комиссии по отбору кадров именно в международный орган?

2. Сохранится ли параллельно подача напрямую документов от соискателей нашего государства без отбора на уровне национального законодательства?

ЖҰМАНҒАРИН С.М. Что касается должностных лиц, то ситуация такая. Когда заканчивается срок полномочий должностного лица в комиссии, тогда председатель комиссии объявляет конкурс. Об этом он извещает Правительство Казахстана, а Правительство извещает Министерство торговли и интеграции, как уполномоченный орган. Министерство торговли и интеграции отправляет запрос в соответствующие отраслевые органы (по роду деятельности), которые предоставляют соответствующие кандидатуры. Если кандидаты являются государственными служащими, то они проходят, естественно, проверку в Агентстве по делам государственной службы, а если они не государственные служащие, то в Комитете национальной безопасности. После этого они приходят на координационный совет. Это правила, которые утверждены постановлением Правительства в 2021 году. После того, как они прошли координационный совет, по согласованию с

Премьер-Министром, за подписью члена совета (в данном случае это я) мы отправляем в комиссию. В комиссии идет процедура. Обычно члены коллегии комиссии собираются, на бланке есть «да» и «нет», напротив ставят «галочку». Обычно, если страна присылает, то никаких проблем не возникает. Просто задается пара вопросов профессионального характера.

Я отвечал на предыдущий вопрос и повторю, что равная представленность – это принцип, который мы согласовали при создании Союза. Пять директоров и тринадцать заместителей директоров закреплены за Казахстаном, плюс два члена коллегии.

Что касается недолжностных лиц (начальник отдела и ниже), то там другая ситуация. Один раз в полгода мы объявляем квалификационный отбор желающих работать в комиссии (там постоянно появляются определенного рода вакансии), в этом случае любой гражданин Казахстана может подать заявку. Соответственно, он проходит квалификационный отбор, после которого, если он соответствует, мы даем ему рекомендательное письмо, которое действует 18 месяцев. Комиссия проводит конкурс по собственным правилам. При прочих равных условиях на конкурсной комиссии, куда входят председатель комиссии, ответственный член коллегии комиссии и кадровики, он имеет дополнительные преимущества, его обязаны взять на работу.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Сөз депутат Қаратаев Фахриддин Әбдінабиұлына беріледі.

ҚАРАТАЕВ Ф.А. Рақмет, құрметті Балаим Туғанбайқызы.

Құрметті Серік Мақашұлы! Хаттаманы ратификациялау Еуразиялық экономикалық комиссияның қатардағы қызметкерлерін (бөлім бастықтарын және одан төмен) мерзімсіз еңбек шарттарынан бес жылдық еңбек шартына ауыстыруға да қатысты.

Хаттамада аттестаттау нәтижелері ескеріле отырып, жетекшілік ететін алқа мүшесінің ұсынуы бойынша оларды ұзарту мүмкіндігі де көзделеді.

Осыған байланысты Еуразиялық экономикалық комиссия қызметкерлерін аттестациядан өткізудің тетігі қандай болады? Еуразиялық экономикалық комиссияның қызметкерлерін аттестациядан кім және қаншалықты жиі өткізетін болады? Рақмет.

ЖҰМАНҒАРИН С.М. Аттестацияның екі түрі бар – кезекті аттестация (үш жылда бір рет өтетін) және кезектен тыс аттестация (комиссия алқасы төрағасының шешімімен).

Комиссияға төраға, коллегияның мүшесі, кадр бөлімінің өкілдері кіреді.

Екі шешім қабылданады – лауазымға сәйкестігі туралы немесе лауазымға сәйкес еместігі туралы. Лауазымға сәйкес еместігі туралы шешім қабылданса, онда еңбек шартын бұзуға мүмкіндік береді.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Сөз депутат Ержан Құдайберген Төлепұлына беріледі.

ЕРЖАН Қ.Т. Құрметті Серік Мақашұлы! Біз кеше ғана елден оралдық. Халықпен кездескенде көп сұрақтар қойылды. Қиын жылдарда қазақ соңғы нанын бөлісіп жеп қаншама халықты аман алып қалған еді, ал енді соңғы кезде

Үкіметтің жасанды тірлігінен бір қалта қантқа таластырып қойды. Бұл Сізге елдің аманаты. Бұндай жағдайды болдырмауға барлық күшіңізді салып жұмыс істейтініңізге мен сенемін. Сізді жаңа жауапты қызметке тағайындалуыңызбен құттықтап, табыс тілегім келеді. Кешегі елдің мазағын қайта болдырмау үшін бар күш-жігеріңізді салады деп сенеміз. Рақмет.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Құрметті депутаттар, осымен сұрақтарымыз аяқталды.

Серік Мақашұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі депутат Өмірғали Ерлік Қайдарұлына беріледі.

ӨМІРҒАЛИ Е.Қ. Құрметті Балаим Туғанбайқызы! Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасы Еуразиялық экономикалық комиссияның кадрлық құрамын қалыптастыру тетігін жетілдіру мақсатында әзірленді.

Бұл заң жобасында мыналар көзделеді:

Еуразиялық экономикалық комиссияның лауазымды тұлғаларымен жасалатын еңбек шарттарының мерзімін төрт жылдан бастап Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының жұмыс істеу мерзімінен аспайтын мерзімге өзгерту;

Еуразиялық экономикалық комиссияның қызметкерлерін мерзімсіз еңбек шарттарынан, аттестаттау нәтижелерін ескере отырып, жетекшілік ететін алқа мүшесінің ұсынуы бойынша ұзарту мүмкіндігімен бес жылдық шарттарға ауыстыру;

мүше мемлекеттің Еуразиялық экономикалық комиссияның қызметкерлері лауазымдарына орналасуға кандидаттарды біліктілік тұрғыдан іріктеу мүмкіндігі.

Заң жобасы жұмыс тобының отырысында және комитеттің кеңейтілген отырысында қаралды.

Қорытынды салыстырмалы кесте редакциялық түзету бойынша қабылданған бір позициядан тұрады.

Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын ұсынды.

Құрметті депутаттар, осыған байланысты сіздерден аталған заң жобасын қолдап, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жолдауды сұраймын. Рақмет.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Рақмет, Ерлік Қайдарұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, Балаим Туғанбайқызы.

Құрметті әріптестер! Хаттамаға Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің президенттері 2021 жылғы 5 тамызда қол қойды және ұсынылған заң жобасын ратификациялау рәсімдерін жүргізуге жіберіп отыр.

Хаттамада 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Еуразиялық экономикалық комиссияның кадрлық құрамын

қалыптастырудың тиімділігін арттыру бөлігінде және тұтастай алғанда, комиссия қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында түзетулер енгізу көзделеді.

Бұл Еуразиялық экономикалық комиссияның жұмыскерлерімен жасалатын еңбек шарттарының (келісімшарттардың) талаптарын өзгертуге, комиссияның мүше мемлекетте оның заңнамасына сәйкес өткізілген біліктілік бойынша іріктеу нәтижелерін міндетті түрде есепке алуына, сондай-ақ комиссияның лауазымды адамдарының өкілеттік мерзімдерін комиссия алқасы мүшелерінің еңбек шарттарының мерзімдеріне теңестіруге қатысты.

Жалпы, ағымдағы түзетулер Қазақстан тарапының мүдделеріне сәйкес келеді, Қазақстанның комиссиядағы ұстанымдарын одан әрі нығайту үшін олардың маңызы елеулі деуге болады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға соқтырмайды және республикалық бюджеттен қосымша қаржы қаражатын бөлуді талап етпейді.

Осыған байланысты заң жобасын қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

КЕСЕБАЕВА Б.Т. Рақмет.

Басқа талқылауға қатысатын депутаттар жоқ. Талқылау барысында заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.



*Дүррис: Құжаттамамен қамтамасыз ету
Бәйбітіннің сәткер меңгерушісі
Майя Н. Шайтанбаева.*